

Бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттік – «АНА ҮЙІ» ҚҚ бағыттарының бірі. Агенттіктің мақсаты – Қазақстандық қоғамда қабылдаушы отбасыларды кәсіби даярлау, сүйемелдеу және бала асырап алу мәдениетін дамыту.

Қазақстанның 20 қаласында кеңес беру кабинеттері жұмыс істейді.

Қор мамандары өз отбасыларына мекемеде тәрбиеленіп жатқан балаларды қабылдағысы келетін азаматтарға (отбасыларға) консультациялық көмек көрсетеді. Барлық сұрақтар бойынша 1422 колл-орталығы жұмыс атқарады.

Психологтар Қабылдаушы ата-аналар мектептерінде (бұдан әрі – ҚАМ) әлеуетті асырап алушыларды дайындайды, ҚАМ-да олар жас психологиясы туралы, қабылданған баламен байланыс орнату және бүкіл отбасының жаңа өзгерістерге жұмсақ бейімделуі жайлы құнды білім алады.

Осындай жауапты қадамға бел буган азаматтардың барлығы Қабылдаушы ата-аналар мектебінде өтуі қажет.

ҚАМ мақсаты – ата-аналарды мекемеден баланы қабылдауға дайындау, барлық қажетті ақпаратты беру, дағдыларды үйрету, маңызды сұрақтарға жауап табуға көмектесу, өздерінің мүмкіндіктері мен шектеулерін түсіну, қабылдаушы ата-ана болуға дайындығын түсіну.

ҚАМ өту барысында үміткерлер қабылданған баланың ерекшеліктері мен қажеттіліктері туралы түсінік алады; қабылдаушы ата-ана ретінде өздерінің қабылдеттері мен мүмкіндіктерін түсінеді; отбасына қандай баланы қабылдай алатынын және қандай қабылдау түрі қолайлы екенін түсінеді.

Балаларды орналастыру саласында кешенді тәсіл өте маңызды. Үміткерді оқытып қана қоймай, оған қанша қажет болса, сонша сүйемелдеу жұмыстары көрсетіледі. Сондықтан, біздің жұмысымызда міндетті бағыт – қабылдаушы отбасыға сүйемелдеу көрсету. Жұмыс тәжірибесінен білетініміз, бала отбасына келгеннен кейін ең қиын кезең - бейімделу басталады. Осы уақытта психолог пен әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның отбасыға кәсіби сүйемелдеу көрсетуі өте маңызды.

Сүйемелдеудің әртүрлі формалары бар – бұл отбасына бару, мамандармен кездесу, психологиялық кеңес беру және т.б. **Сүйемелдеу баланы қайтарудың алдын алу шарасы ретінде қажет.**

Отбасында балалар үйінен келген баланың жарақаттары ашыла бастайды. Біздің психологтардың айтуынша, “бал айы” аяқталғаннан кейін, бұл әдетте бір, екі, үш айдан соң барлық отбасыларда “үйренісу” басталады. Осы кезде қабылдаушы отбасыларға қолдау мен көмек қажет. Біздің психологтар әр отбасына көмектесуге тырысады.

Бүгінгі таңда Бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттіктің көмегімен қазақстандық отбасыларға 1802 бала орналастырылды (бұл цифра үнемі өсіп келеді).

2022 жылдың мамыр айынан бастап пилоттық жоба іске қосылды.

Пилоттық жоба – жетім балалар мен ата-анасын қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі және даму ерекшеліктері бар балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауды жоспарлап отырған Қазақстан Республикасының азаматтарын ынталандыруға және қолдауға бағытталған «АНА ҮЙІ» ҚҚ қайырымдылық бастамасы.

Жобаны 3 жыл ішінде жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Қандай көмек көрсетеміз:

- Қабылдағаннан кейін балаларды оңалтушы дәрігерлердің тексеруінен өтуді ұйымдастырамыз

- Балалардың медициналық оңалтудан және (немесе) педагогикалық түзетуден өтуі үшін төлем жүргіземіз

- Балалардың ота емінә төлем жасаймыз (қажет болса)

- Қабылдаушы отбасыға консультациялық және ақпараттық көмек көрсетеміз.



Алкоголизмнен тегін көмек

Ішкілікке, құмар ойындарына салынып немесе нашақорлыққа тап болып киналып жүрсеңіз Анонимді Алкоголиктер тобына келіңіз.

Сізге тегін әрі құпия түрде көмек көрсетуге дайынбыз!

Instagram: aa_atoryau

Толық ақпаратты мына телефоннан ала аласыз:

+7 705 449 2468.

Мекен-жай: Атырау қаласы, Сұлтан Бейбарыс даңғылы, 39.

Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ 2023-2025 жылдарға арналған «Теңіз» МАС және «КТК-К» АҚ мұнай құбыры жүйесінің құбыр желісінің (0-200 шк) объектілері үшін атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету бойынша, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары, ҚОҚ бөлімі «Понтонмен және стационарлық шатырмен резервуарларды бөлшектеу»; ҚОҚ бөлімі «Теңіз» МАС ҚК-25 модульдік гимаратын бөлшектеу»; ҚОҚ бөлімі «Теңіз» МАС найзағайдан қорғау жүйесін техникалық қайта жаратқандыру»; ҚОҚ бөлімі «ҰЖ объектілерінде және МН (0-200км) желілік бөлігінде орнатылған жабдықты ауыстыру бағдарламасына сәйкес ҰҚК-Н (үздіксіз коректендіру көздерін) ауыстыру»; ҚОҚ «ҚКК-К» АҚ «Теңіз» МАС Шығыс өңірінің өндірістік үй-жайлары мен сынақ зертханаларының жаңа гимараттарын салу» бөлімі; ҚОҚ бөлімі «ҚКК-К мұнай құбыры жүйесі. Теңіз МАС Тірек сорғы станциясын қайта монтаждау» ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Тыңдау 25.09.2023 ж. сағат 11.00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары к., Махамбет даңғылы, 37, «Кен Жылыой» МҮ өтеді.

Бұл қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өтіңіз:

https://us05web.zoom.us/j/82528595614?pwd=FUUvcbYj4eSVjDlBmGjpRB48WSTI1

Конференция идентификаторы: 825 2859 5614

Кіру коды: zeIQ2X

Қатысушыларды тіркеу жеке куәлік құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы – «Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ, Атырау қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 92в.»Гранд Азия» БО. +7-7122-76-15-00, +7-771-121-38-55. e-mail: Almagul.Sarniyazova@ссрсіре.ru, Meirangul.Karagoishieva@ссрсіре.ru

Жобаны әзірлеуші - «ЭкоЛинПроект» ЖШС, ҚР, Алматы к., Жандосов к-сі, 47-6, +7(727) 327 35 40, +7(727) 339 43 80, +7 701 366 51 22, e-mail: ekolinproekt@yandex.ru

Жергілікті атқарушы орган – Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бейбарыс ауылдық округінің әкімдігі, пошталық мекенжайы: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары к., Махамбет даңғылы, 26 үй, электрондық мекенжайы: julyoiakimat@atoryau.gov.kz. тел: 8 (71237) 51242. 87011562811

Жоба бойынша құжаттама eсportal.kz сайтында сондай-ақ Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар жоғарыда көрсетілген электрондық мекенжайлар бойынша, сондай-ақ Eсportal.kz сайтында қабылданады.

Қазақстанда шағын жинақты мектептердің педагогтарын алғаш рет цифрлық шешімдерді қолдана отырып оқытуға үйретеді

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» 81-тармағын іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасының «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» іс-қимылын іске асыру мақсатында шағын жинақты мектептердің басшылары үшін «Шағын жинақты мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер және «Шағын жинақты мектептердің педагогтары үшін пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану» білім беру бағдарламаларын әзірледі. Бағдарламалар «Қазақстан халқына» қоры, білім беруді тұрақты дамыту қоры, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және Ақтөбе облысының әкімдігі іске асыратын «Цифрлық технологияларды қолдана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» пилоттық жобасы шеңберінде әзірленді. Бұл жобалағы «Өрлеу» миссиясы – ауылдық және қалалық мектептердің мұғалімдері арасындағы IT-күзйретілдіктегі алшақтықты азайту, соң арқылы ауылдық жерлердегі оқушыларға сапалы білім алуға мүмкіндік беру. Шағын жинақты мектептердің әлеуеті зор, оны ашу – жобаға қатысатын барлық уәкілетті органдардың ортақ міндеті», – деді «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Басқарма төрағасы Еламан Айбулыдинов.

Тамыздың 14-і Қазақстанда алғаш рет шағын жинақты мектептерде оқу процесін цифрландыру курстары басталады. Оларға еліміздің 6 өңірінен: Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарынан 5 000-нан астам педагог қатысады.

Курстар бағдарламасы білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында шағын жинақты мектептер басшыларының басқару дағдыларын жетілдіруге, шағын жинақты мектептер педагогтарының қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар, оның ішінде цифрлық технологиялар негізінде оқыту дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Курстарда мұғалімдер:

- цифрлық немесе аралас оқыту форматының стратегиялары мен әдістерін;
- синхронды және асинхронды коммуникацияны;
- саралау мен дараландыруды, кері байланыс беру үшін онлайн-сервистерді пайдалана отырып, оқу сабақтарын жоспарлауды үйренеді.

Сондай-ақ, курс тыңдаушылары цифрлық білім беру технологиялары негізінде интерактивті тапсырмалар мен сабақ үзінділерін әзірлейтін болады.

Бныл 6 өңірдің шағын жинақты мектептерінің педагогтарына арналған курстар қыркүйектің соңына дейін жалғасады. Жобаны барлық өңірлерге масштабтау 2024-2025 жылдарға жоспарланған.

«Ломбард MODERN.KZ» ЖШС сатылып алынбаған кепілдендірілген мүлікке 2023 жылы 31 тамызда сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін сауда-саттық ағылшындық әдісімен өткізілетін аукцион мына мекен-жай бойынша жүргізілетінін хабарлайды: Атырау қаласы, Махамбет Өтемісұлы көшесі, 116 үй, №1 кенсе; accountant@zolotoiy.kz; (8775) 387-71-98.

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

ӘРТҮРІП

Нива-Шевроле, 2014 ж. 212300-55LC ақ түсті кондиционермен титан диск жаңа дөңгелектер салынған. Қазақстандық тіркеуде сатылады. Бағасы 3 млн. 700 мың теңге. Тел: 87011406911.

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

13 маусым 2023 жылы қайтыс болған **Добыхов Бердигали Мурзахановичтің**, 05.03.1960 жылы туған, мұралық ісінің ашылуына байланысты барлық мұрагерлердің жекеше нотариус Г.М.Утеповға хабарласуларыңыз сұралады, Қ.Сәтбаев көшесі, 40А – 101, 20-16-99, 87017770048. Лицензия: 0000383, 01.02.2006 ж. ҚР ӘМ берген.

Нотариус Джумашева Гулсара Мухитовна хабарлайды: 2023 жылы 15 ақпанда қайтыс болған **Амандықова Аліма Гиляжовнаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Авангард, 4 мөлтек ауданы, 12 үй, 58 пәтерде орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 8 сәуір 2011 жылы берілген №0003325 санды лицензиясын мемлекеттік лицензия қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының нотариусы Джумашева Гулсара Мухитовна. Анықтама тел: 21-50-16.

2023 жылы 4 тамызда қайтыс болған **Рахмбергенов Бекжан Нуховичтің** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлері болса, Социалов Біржан Берикбуловичтің, Атырау нотариаттық аймағының нотариусы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 4 мамыр 2021 жылы берілген №21017054 лицензиясы негізінде қызмет етуші, Атырау облысы, Исатай ауданы, Акқыстау ауылы, Д.Абилхайров көшесі №32 кеңсесіне хабарласулары сұралады. Тел.: 8775 150 87 52, 8700 150 87 52.

Атырау қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 17 тамыздағы №1659 қаулысы
Атырау қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 10 қарашадағы №2544
«Жер учаскелерін мәжбүрлеп
неліктен шығарудың басталуы
туралы» қаулысына
өзгеріс енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84, 85-баптарын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 63-бабын басшылыққа алып, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Атырау қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 10 қарашадағы №2544 «Жер учаскелерін мәжбүрлеп неліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысының 2-тармағындағы «2023 жылдың 25 тамызы» деген сөз тіркесі «2024 жылдың 30 сәуірі» деп өзгертілсін, әрі қарай мәтін бойынша.
Қала әкімі
Ш.Кейкин

Атырау қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 17 тамыздағы №1658 қаулысы
Атырау қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 10 қарашадағы №2545
«Жер учаскелерін мәжбүрлеп
неліктен шығарудың басталуы
туралы» қаулысына
өзгеріс енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84, 85-баптарын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 63-бабын басшылыққа алып, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Атырау қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 10 қарашадағы №2545 «Жер учаскелерін мәжбүрлеп неліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысының 2-тармағындағы «2023 жылдың 25 тамызы» деген сөз тіркесі «2024 жылдың 30 сәуірі» деп өзгертілсін, әрі қарай мәтін бойынша.
Қала әкімі
Ш.Кейкин

Атырау қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 17 тамыздағы №1657 қаулысы
Атырау қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 10 қарашадағы №2543
«Жер учаскелерін мәжбүрлеп
неліктен шығарудың басталуы
туралы» қаулысына
өзгеріс енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84, 85-баптарын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 63-бабын басшылыққа алып, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Атырау қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 10 қарашадағы №2543 «Жер учаскелерін мәжбүрлеп неліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысының 2-тармағындағы «2023 жылдың 25 тамызы» деген сөз тіркесі «2024 жылдың 30 сәуірі» деп өзгертілсін, әрі қарай мәтін бойынша.
Қала әкімі
Ш.Кейкин

Ағымдағы жылдың наурыз айында тарифтерді қалыптастыру Қағидасына ҚР Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен өзгерістер енгізілді. Бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан қаладағы экономикалық қызмет түрлері бойынша бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысының өзгеруі негізінде субъект жылына бір рет реттелетін қызметтерге тарифті өзгертуге құқылы.

Қолданыстағы тарифте кәсіпорын қызметкерлерінің орташа айлық жалақысы Атырау облысының стат. деректері бойынша жалақысына сәйкес келмейді. Төмен жалақы, бәріне белгілі, кадрлардың үлкен айналымына, ынталандырылмаған ұжымға әкеледі, компанияның тұрақтылығына және көрсетілген қызметтердің сапасына қауіп төндіреді. Сондықтан қызметкерлердің жалақысын сәйкестендіру үшін «Атырау облысы Су Арнасы» КМК уәкілетті органға тарифті өзгертуге өтінім берді.

Өтінімді қарағаннан кейін Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті реттелетін қызметтерге жаңа тарифті бекітті. Смета шығыстарында 2022 жылғы Атырау облысы бойынша еңбек көрсеткіштеріне сәйкес өндірістік және әкімшілік персоналдың жалақысы бойынша шығын баптары ғана өзгерді.

«Атырау облысы Су Арнасы» КМК тарифтері 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізіледі.

«Атырау облысы Су Арнасы» КМК Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің 2023 жылдың 11 тамызындағы №54-НҚ бұйрығымен бекітілген Атырау қаласы және Атырау облысы, Мақат ауданы бойынша суды тартушы желілер және магистралдық құбырлар арқылы, сарқынды суларды бұру және сарқынды суларды тазарту бойынша реттеліп көрсетілген қызметтерге тарифтерді 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 2023 жылдың 30 тамызына дейін келесі мөлшерінде енгізілетінін тұтынушылардың назарына жеткізеді:

Тұтынушылар атауы	теңге/м3 (ҚК-сыз)	теңге/м3 (ҚК-пен)
Суды таратқыш желілер және магистралдық құбырлар арқылы беру		
Халық	108,98	122,06
Басқа тұтынушылар	360,94	404,25
Сарқынды суларды бұру және сарқынды суларды тазарту		
Халық	59,08	66,17
Басқа тұтынушылар	203,71	228,16

«Онлайн Ойл» ЖШС жобадағы қоғамдық пікірталастар арқылы жалпы тыңдаулар өткізеді:

«Атырау облысы, Атырау қаласының қала маңындағы «Ақжар-2» сазды жаныстары учаскесінің геологиялық барлау жоспарына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Жергілікті атқарушы орган: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Экологиялық реттеу бөлімі, басшысы, тел: 8 (7122) 32-55-09. ҚОҚ бөлімі бойынша ескертулер мен ұсыныстар: atr.priroda@atoryau.gov.kz электрондық мекен-жайға қабылданады.

Жобалық құжаттамамен <https://ecorportal.kz/> Бірыңғай экологиялық порталында және «Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО [https:// www.gov.kz/memleket/entities/atoryau-tabigat/?lang=ru](https://www.gov.kz/memleket/entities/atoryau-tabigat/?lang=ru) сайтында танысуға болады.

Жария талқылаулар 31.08.2023 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда көрсетілген мерзімде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашысы: «Онлайн Ойл» ЖШС. Құрманғазы ауданы, Ақкөл ауылы, Р.Қошқарбаев көш, 2 үй. БСН 170240024552. Электрондық пошта. мекен-жайы: yeluevov.ashkat@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «GBR PROJECT» ЖШС. ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сарықамыс-2 ш.а., 14 көше, 37 үй. БИН 190940023028, эл. мекен-жайы: smagulov-r@mail.ru, тел.: 87017455732

Ұсынылған қызмет туралы қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдаулар кезінде алуға, сондай-ақ ұсынылған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін gulsim81@list.ru электрондық поштасы арқылы сұратуға болады.

АТЫРАУ Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС
Бас директор
Жасын БІРКЕНОВ
Бас редактор **Назарбек ҚОСШИЕВ**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43, факс – 45-85-97.
Бас редактордың орынбасары – **А.Базарбаев** – 45-86-47.
Жауапты хатшы – **Д.Мұхамбеталиев** – 45-84-50.
Арнаулы тілші – **М.Қуанышева** – 45-84-30.

Бөлімдер:
экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері: шолушы – **А.Сабырова**, аға тілші – **Д.Руев** – 45-84-01; тілші – **Б.Көкжиев**, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелер: шолушы – **Г.Әмірова**, аға тілші – **Р.Өтүргали**, тілші – **Е.Қожақанов** – 45-85-24; экология және құқықтық мәселелер: шолушы – **А.Құрмашева**, аға тілші – **М.Оразғалиева**, тілші – **А.Қабдолов** – 45-86-50.

фототілші – **Е.Алтыбаев** – 45-84-50.
Корректорлар: **Э.Әбілқайырова**, **А.Шомажанова**.
Компьютер шеңбе:
бет құрушылар – **С.Рамазанова**, **А.Жолдыбаева**.
Іс жүргізуші: **Т.Тайтекова**, теруші: **К.Елеусінова** – 45-84-50

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 2018 жылғы 16 мамыр күні тіркеліп, тіркеу туралы №17097-Г куәлігі берілген.
Басылым «**Күрмет белгісі**» орденімен республикалық «**Аманат**» сыйлығымен марапатталған.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй.
Электронды пошта: e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru

*Газет «Атырау» газетінің компьютер цехында теріліп, беттелді.
*«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.

* Авторлар жарияланымдарында пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.

Мәқалалар коммерциялық негізде басылды деген белгі.

Жарнамалар мен хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.

Индекс: 060005 Атпана 2 рет шығады.
ТАРАЛЫМЫ: 4089 дана

Немірдің көзекшілері:
А.Сабырова, С.Рамазанова, Э.Әбілқайырова